

## СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ПОСЕЛКІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАРИХЫ (1954-1973 ЖЖ.)

**Кидралиева А.Б.**, магистрант

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Амрина М.С.**)

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Сәтбаев қаласы небәрі өткені бір тағдырмен басын қосқан Жезқазған-Қарсақбай-Ұлытау іспеттес ұланғайыр өнеркәсіптік аймақтың тарихымен тығыз байланысты.

Орталық Қазақстан даласының қазбалы пайдаға толы екенін адамзат баяғыдан, тіпті сонау қола дәуірінен бері білген. Ол туралы тарихта із қалдырған ашық кен орындары мен кен байытуға арналған пештердің іздері, мыс кесектері және табылған жебелердің мыс пен қоладан жасалған ұштары айтады. Үлкен сауда, керуен орталықтарына жақын орналасқан Жезқазған аймағы оларды кезінде мыс немесе ұсақ-түйек малахит және азурит тастарымен жабдықталып отырған. Кенді аймақ жайлы мәліметтер сонау тарих тереңінен басталады. Жезқазған мыс кен орындары жайлы деректер көне грек тарихшысы Геродотқа да мәлім болған.

Сәтбаев қаласы маңайынан көне құрылыс іздері ретінде мыс өңдеудің алғашқы қадамдарына куә болатын ескерткіш бағандар, балбал тастар кездестіруге болады. Қалған іздерден көне адамдардың мыс өңдеу жұмысын қандай тәсілмен жүргізгендігін көрсетеді. Мұндай іздерді Жезқазған кен орындарының он алты жерінде кездестіруге болады. Олар: Петро, Покро, Златоуст, Кресто, Анненск, Никольск, Карпинск сияқты кен орындары.

Кен орындарындағы өнеркәсіп жұмыстары 60 жыл уақыт бойы жүргізіліп келеді. Өнеркәсіпті игеру жұмыстарының алғашқы кезеңі ХХ ғасырдың 20-жылдарынан Ұлы Отан соғысының бастапқы уақытына дейін болса, екінші кезеңі соғыс жылдары, одан соғыстан кейінгі жылдардан 70-ші жылдарға дейін болса, 4-ші кезеңі 80-ші жылдардан бүгінгі күндерге дейінгі уақытты алады.

Соғыстан кейінгі жылдары Жезқазған жеріндегі тау-кен жұмыстарын жақсарту мақсатында тау-кен металлургиялық комбинатының құрылысы қатаң түрде қолға алынады.

1945 жылы комбинаттың құрылысына «Степлаг» тұтқындары жұмылдырылды. Сталиннің жарлығымен Жезқазған жеріне 58-бап бойынша саяси қамалғандар мен тәркіленгендер жер аударылады, олардың көпшілігі: немістер, татарлар және орыстар болатын. Сотталғандардың арасында поляктар мен венгерлердің саяси басшысы Яныш Кадр да болатын. Сол жылдары жер аударылған чешендердің көмегімен Перевалка салынады.

1947 жылы Анненск пен Карпинск карьерлерінде кен орындарын қазу жұмыстары басталады. 1948 жылы №31 шахтаның құрылысы аяқталып, Никольск және Беловск карьерлерінің құрылысы басталады. Ал 1949 жылы №32 шахта құрылысы аяқталады. 1951 жылы №42, №47, №43-бис шахталардың құрылысы аяқталады. Ал 1952-1953 жылдары №42, №44 «Покро», №45 және 45-бис шахталары салынып бітеді.

Жаңа шахталардың құрылысы Жезқазған поселкісінің өсуіне себеп болады, ал мұндағы алғашқы үйлер мен әкімшілік ғимараттар ағылшындардың кен орындарында жұмыс істеген уақыттарында салынған болатын. Тұрғын үйлер тапшылығы пайда болады, Осының салдарынан комбинатта жұмыс істейтін жұмыскерлерге арнап 50-ші жылдардың бас кезінде жаңа Никольский поселкісін салу туралы шешім қабылданады.

1951 жылы сол кездері Жезқазған поселкісінде орналасқан Жезқазған комбинатына КСРО түсті металлургия Халық комитетінің басшысы К.Г.Бубок келеді. Оның келгендегі себебі, Рудник алқаптарында үй құрылысына рұқсат берілмегендіктен, жаңа жерлерге поселкі құрылысын тез арада бастау мәселелерін шешу болатын. Никольск 30-шы жылдары бояу жасау мақсатында малахит шығарылған рудалар карьері болатын. Бұл жерлердің атауын кезінде ағылшын концессионерлері мен Ушаков пен Рязановтардың уақытында Никольск деп аталып кеткен болатын. Жаңадан құрылып жатқан поселкіге сол атауды қалдыруды дұрыс көреді.

Кент құрылысы 1954 жылы Рудник поселкісінен 7 км, солтүстік-шығыс жағында орналасқан жерден басталады. Құрылысшылар Рудник пен Кеңгірдің ортасынан құрылыс палатқаларын тігіп, жұмыстарын бастайды [1,16 б.].

Құрылысшылар шатырлы үйлерде тұрып, ауыр жағдайларда қыста суық, жазда ыстық, сусыз және қалыпты қызмет үшін қарапайым мүмкіндіктері болмаса да, оған қарамастан жұмыс істеді. Алайда оның барлығын жеңіп шықты.

Поселкідегі алғашқы үйлер жиналмалы ағаш қалқандардан салынған болатын. 1956 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша жұмысшы поселкісі өзінің әкімшілік мәртебесін алды. Салынып жатқан кеншілер поселкісі Никольский Бүкілодақтық екпінді комсомолдық құрылыс деп жарияланып, мұнда Украинадан, Белоруссиядан, Молдавиядан және Балтық жағалауы республикаларынан көптеген жас жігіттер мен қыздар жұмысқа келді. Олардың көпшілігі осында мекенденіп қалды: тау-кен ісінің шебері-Б.Марцинкевичус, Дружняк, Прокопьевтер, Курьятовтар, Дянушкевичтер, Хидкевич және тағы басқалары. Бұлар және өзге де алғашқы құрылысшылар сол кезеңнің нағыз патриоттары және батырлары болды [2, 23 б.].

(«Сәтбаев қаласының мемлекеттік архиві» КММ құжаттарының негізінде) Жезқазған қаласының Никольский поселкісінің халқының саны өсуіне байланысты 1955 жылдың бірінші шілдесінен бастап 8 дәрігердің қабылдауына кіретін Никольский поселкісінде 300 шаршы метр құрайтын мекеменің бөлінуімен бірге амбулаторияны ашуды Қарағанды облыстық денсаулық сақтау бөлімінен сұрау туралы 1955 жылғы 18 мамырдағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің шешімі бар [3, 60 б.].

Никольский поселкісінің тұрғын саны өсуіне байланысты және Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің алдында поселкінің келешегін ояту мақсатында 1955 жылдың 22 желтоқсанында Никольский поселкісінде поселкілік Кеңес құру туралы №1/33 Жезқазған поселкілік еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитеті отырысының шешімі бар. Бұл шешімде «Никольский» поселкісінің дамуында келешегінің сипаттамасы қосымша ретінде поселкінің жағдайы, Рудник поселкісінің сұлбасы берілген [4, 103 б.].

Шешіммен қоса берілген қосымшасында Никольский поселкісінің қалаға дейінгі жақын аралықта келешегінің өсуі мен дамуы туралы көрсетілген:

1. Тұрғын үй құрылысы бойынша «Никольский» жаңа поселкісінің халқының саны бірінші кезекте 36 мың адамға дейін және келешекте халқының саны 70 мыңға дейін жетеді деп белгіленеді.

1. 4-5 қабатты құрылыс салу, бірінші кезекте-28 %, келешекте-36 %,
2. 2-3 қабатты құрылыс салу, бірінші кезекте-29 %, келешекте-35 %,
3. 2-х құрылыс салу, бірінші кезекте-19 %, келешекте-12 %,
4. Бір қабатты мемлекеттік құрылыс, бірінші кезекте-12 %, келешекте-8,5 %,
5. Бір қабатты жеке құрылыс, бірінші кезекте-12 %, келешекте-8,5 %.

Шамамен 800 тұрғын үй құрылатын болады. Барлық үйлер сукұбырымен, кәрізбен, орталықтан жылыту, тоқпен жабдықталады.

Поселкінің шет жағында бір қабатты үйлер қарастырылған және орталыққа қарай үйлердің қабаттар саны арта түседі.

Тұрғын үйлерге арналған қабырға материалы-кірпіш және шлак бетон. Көшелердің торы қатаң тікбұрышты. Көшелердің ені 30-16 метр және бульвары 60 метр болатын орталық көше асфальтталып, көгалдандырылады. Кентте 22 көше белгіленген. Кентте әкімшілік алаң және вокзал маңы, қалалық БАҚ, стадион және тоған қарастырылған.

2. Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету бойынша келешекте мыналар қарастырылады: мәдениет үйі 800 адамға, клуб-2, жалпы білім мектептері-17, техникум-2, қолөнер училищесі-1, балабақша-25, бөбекжай-25, қонақүй мейрамханасымен бірге-2, асхана-6, мейрамхана-2, дәмхана-4, нан зауыты-2, тұрғын үйлер құрамындағы азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар дүкендері-50-60 орын, әмбебап дүкені-2, дүңгіршек-30-40 орын, тұрғын үйлерге тұрмыстық қызмет көрсету шеберханалары-700 жұмыс орны, жеміс суы зауыты-1, нарықтар-3, байланыс үйі-1, пошта бөлімшесі-7, кітапхана-1, аурухана-3, амбулатория және емхана-4, дәріхана-7, профилактория-2, санитарлық-эпидемиологиялық станция-1, тұрғын үйлердегі шаштараздар-20 орын, монша-4, механикалық кір жуатын орындар-3, душ павильондары (жазғы) - 8 [4, 104 б.].

Сонымен қатар, кен шоғырларының орны солтүстікке қарай созылып жатыр. Кеніштердің дамуының арқасында кент пен өнеркәсіптік аймақ арасындағы алшақтық азаятынын ескерген жөн. «Никольский» поселкісіне жақын жерде ең ірі өнеркәсіптік нүкте - Златоуст-Беловский карьері және Жезқазған кенішінің шахтасы орналасқан. Никольск поселкісі өнеркәсіптік маңызы бар елді мекен болып табылады. Халқы негізінен түсті металлургия министрлігіне бағынатын шахталарда және ашық карьерлерде, сондай-ақ құрылыс және жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс істейтін жұмысшылардан тұратын болады.

3. Жолаушылар көлігі бойынша Жезқазған кеніш кешені көптеген шашыраңқы орналасқан шахталар мен карьерлерден тұрады.

Кеніш аумағында темір жолдар желісі жеткілікті болғандықтан, жұмысшылар мен қызметкерлерді жұмыс орнына негізгі темір жол тасымалдау жол көлігімен жоспарланған. Ол үшін

«Никольский», Центральный, Новорудная, Весовая, Железнодорожный, Карьерная және Развозная, Промплощадка станция елді мекендерін қамтитын екі бағыт бойынша жолаушылар поездарының жүруі белгіленген. Темір жол көлігін пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда автобустармен тасымалдау қабылданған.

Қазіргі уақытта Никольск поселкісінде жалпы ауданы 17,5 мың шаршы метр К-9 типті сегіз пәтерлі 67 екі қабатты ағаш үйлер орналасқан төрт тұрғын орамның құрылысы жүзеге асырылды. Сонымен қатар жалпы ауданы 632 шаршы метрді құрайтын К-9 типті 3000 адам орналасқан екі жатақхана бар. Үйлер уақытша қазандықтан орталық жүйемен жылытылады. Үйлер су құбырымен және кәрізбен жабдықталған, орам ішіндегі сыртқы желілер де аяқталған, бірақ бас коллектордың құрылысы аяқталғанға дейін пайдалану мүмкін емес. Әр тоқсанда колонкалары бар су тәріздес будкалар салынды, үйлер электр энергиясымен жабдықталды.

Сол жылы №18 орам аяқталып, қоныстандырылатын болады, К-9 типті 2 қабатты 35 ағаш үй ауламен орналастырылды. Жалпы ауданы 9135 шаршы метр. 1956 жылдың бірінші тоқсанында – №15-в және 16 кварталдар, оларда жалпы ауданы 13570 шаршы метр к-9 үлгісіндегі 52 үй орналастырылады [4, 105 б.].

1956 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жалпы ауданы 40,8 мың шаршы метр болатын екі қабатты 8 пәтерлі үй-154 және екі жатақхана болады, онда 6800 адам тұратын болады. Жарықпен, су құбырымен, кәрізбен және орталық жылумен жабдықталған. Салынған орамдар кең, тегіс көшелерімен шектеседі, олар жақын арада асфальтталып, көгалдандырылады. Қазіргі уақытта 9 көше безендірілді. Никольский поселкісі Рудник поселкісінен 8 км орналасқан. Әлеуметтік мәдени тұрмыс бойынша әлеуметтік мәдени тұрмыстық ғимараттар шлак блоктарынан бөлек үй-жайларды орнатумен құрастырылған ағаш үйлерге бейімделген. Ішкі жағы жақсы әрленген және жабдықталған 150 орындық асхана, 300 адамға арналған қысқы клуб, 350 орындық жазғы кинотеатр, 320 оқушыға арналған мектеп, 6 жұмыс орнына арналған екі дүкен және амбулатория бар.

Құрылыс барысында 47 орынға арналған монша ғимараты, балабақша мен амбулатория бар, деп жазылған [4, 106 б.].

Поселкіде алғаш 2 қабатты ағаш үйлер тұрғызылды. 1956 жылы Никольский жұмысшылар дәрежесіндегі поселкі болады. Сол жылы жылу құбыры, қазандық, тұрғын үйлер, дүкендер мен асханалар және ауруханалар салынады.

1955 жылы Никольский поселкісінде аурухана, емхана және дәріхананың жоқшылығына байланысты Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің 1956 жылғы 15-ші наурыздағы VI-сессиясы бойынша қалалық денсаулық сақтау бөлімінен /Новиковаға/ 1956 жылдың халық-шаруашылық жоспарына сәйкес 35 орындық аурухананы 1956 жылдың мамыр айының 1-ші жұлдызынан кешікпей беруді сұрау туралы қаулы бар. [5, 62 б.].

Никольский поселкісі жанында жаңа мектеп ашылуына байланысты 1956 жылғы 28 наурыздағы Жезқазған поселкілік еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің шешімінде Никольский поселкісіндегі 7 жылдық мектебінің мөртаңбасы мен мөрін белгілеу туралы жазылған [6, 38 б.].

1956 жылдың 1-ші қыркүйекте 90 орын балаларға арналған №9 бөбекжайы ашылды [7, 174 б.].

1957 жылы кең жол торабы бар Рудник-Никольск темір жолы салынып, ол жұмыскерлер мен қызметкерлерді жұмыс пен үй арасында тасымалдауға беріледі.

Сол жылдың наурыз айында Никольск поселкілік еңбекшілер депутаттар Кеңесі құрылады. Оны Юровский Михаил Федорович басқарады. 1957 жылдың маусым айынан 1959 жылдың наурыз айына дейін поселкілік кеңестің төрайымы болып Коржова Анна Ивановна қызмет атқарады. Архивте поселкілік кеңестің II шақырылымының жұмысы туралы акпараттар сақталған. Оның құрамында 3 адам жұмыс істейді. Атқарушы комитеттің жетекшісі болып Тілеубаев Қозғанбай Ыбрайұлы, орынбасары болып Косенкова Софья Николаевна, хатшысы болып В.Зуйкова қызмет атқарады.

Денсаулық сақтау комиссиясын Л.Ф.Золоторева, халықтық білім комиссиясын Хошко, сауда комиссиясын Поддубная, көгалдандыру комиссиясын Штеменко, коммуналдық шаруашылық комиссиясын Победимов, бюджет комиссиясын Жабаспаев, мәдени-ағарту шараларының комиссиясын Толстова, әкімшілік жұмыстар комиссиясын Лукин, өнеркәсіп жұмыстары комиссиясын Булгаков басқарады. Поселкілік кеңесті Грудей Дмитрий Дмитриевич (1961-67), Семенов Владимир Николаевич (1967-69), Ивченков Павел Антонович (1969-74) т.б. басқарған.

Алғашқы болып Гурба көшесіндегі №47 үй салынады, онда Нечаевтар, Токаревтар және Медзель отбасы қоныстанады. Алғашқы өмірге келген бала Нечай Люда (1956 жылдың 14 сәуірі) [1, 17 б.].

Никольский поселкісінің құрылуына байланысты 1956 жылы 75 орындық №4 поселкелік аурухана ашылады да, оны Лыков Борис Алексеевич басқарады.

1957 жылы 30 орындық түберкүлезге қарсы аурухана ашылады, оның бас дәрігері болып фтизиатор дәрігер Малиновский Иван Анатольевич тағайындалады. Әр жылдары бұл аурухананы Шенеуов Тілеу Шенеуұлы, Ахметов Дүсембай Ахметұлы, Тагирова Раиса Сагидуллаевна, Құлышев Сапарғали Хайруллаұлы, Несіпбаев Амангелді Несіпбайұлы, ал диспансерлік қызмет емханасын Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі Оразбекова Мәрияш Оразбекқызы атқарады [1, 21 б.].

1959 жылы 50 орынға арналған Жезқазған психоневрологиялық диспансері ашылды. 4 ауылдық учаскелерге қызмет көрсетеді. Олар: Қаражал, Ұлытау, Қарсақбай, Жезді және 3 қалалық учаскелерге: Жезқазған қаласы, Рудник, Никольск. Қалалық учаскелердің тұрғындардың саны 132 мыңды құрайды. Ең ірі учаскелер - Жезқазған қаласы және тұрғындар саны 90 мыңға дейін [8, 5 б.].

1960 жылы Никольский поселкесінің тұрғын саны 17 мың адамды құраса, тұрғын-үй қоры 110 мыңға жуық шаршы метрге жетеді. 1962 жылы үй-құрылыс комбинаты ашылады. Құрылысшылар мен жобалаушылар 2,3 қабатты ағаш үйлерден бас тартып, 4-5 қабатты үйлерді салуға кіріседі. Небәрі 20 жылдай уақыт ішінде құрылысшылар мен кеншілердің шағын поселкісі көркем қалаға айналады.

Никольский поселкілік еңбекшілер депутаттар Кеңесінің 1960 жылғы 14 маусымдағы 8-сессиясының материалдары бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратында Никольск кентінде киім жөндеу және тіркеу шеберханасы, тігін машиналарын, кір жуғыш машиналар мен тоңазытқыштарды жөндеу шеберханасы ашылды. Сонымен қатар тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты 1960 жылдың 1-ші шілдесінен бастап құрылды [9, 99 б.].

1961 жылы арнайы «Қазақжарылыс өнеркәсібі» басқармасы құрылып, олар құрылыс нысандарында, өндірістік, әлеуметтік-мәдени нысандарда және жол құрылыстарын салу жұмыстарында бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмыстарды жүргізуде И.В.Эберманнның және Н.С.Ульяновтың бригадалары, бұрғылаушылар Н.Н.Лыбин, И.Г.Когут, С.Н.Макаренко, А.А.Аристов, Ю.И.Смирнов т.б. ерекше көзге түсті.

1961 ж. Никольский поселкісінде нан зауыты ашылады. Хош иісті, жұмсақ нан мекеменің белгісіне айналады. Әр жылдары бұл мекемені Ахметов, П.А.Иванченков, Губайдуллин, Шевцов, Зайцев сияқты азаматтар басқарады. Білім беру және денсаулық сақтау салалары қаланың дамуымен қатар өркендеді. Никольский поселкесі құрылған кездері барлық орта білім беретін мектептер Рудник поселкесінде орналасқан болатын. Кейін Никольскийде алғашқы мектептер, бала-бақшалар, мектептен тыс мекемелер қанат жая бастайды. Қала мәтебесін алғанда Никольскийде 7 мектеп, 7 мектептен тыс мекеме және санаулы бала-бақша болатын. Оқу құралдары мен дидактикалық материалдар ұстаздардың қолымен жасалатын. Сол жылдары білім беру саласында Жомартбаева Хакима Тайырқызы, Крутикова Елена Васильевна, Кафанова Клара Кафановна, Закрежевский Юрий Иосифович, Пугач Тамара Ивановна, Бейсенбекова Шабал Бейсенбекқызы, Дәкәрімова Майя Дәкәрімқызы, Выпихова Евгения Сергеевна, Хабарова Надежда Николаевна сынды ұстаздар аянбай еңбек етті [1, 21 б.].

1944 жылдың 3 шілдесінде КСРО Түсті металлургия Комиссарының бұйрығымен Қазмысқұрылыс құрылыс-монтаж тресі құрылды. Сол бір алыс жылдары құрылыста 1 экскаватор жұмыс істейтін, кәсіпорында небәрі 22 техника бірлігі бар еді, білікті мамандардың алтауы ғана жоғары білімді болса, басқалары тәжірибе жинақтаған мамандар болды, соған карамастан 1966 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Қазмысқұрылыс» тресінің ұжымы Орталық Қазақстанның түсті металлургия саласының құрылысын дамытудағы жетістіктері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

1964 жылы Никольский поселкісінде трест ұжымымен 8 күн ішінде 80 пәтерлі үйге шапшаң монтаждау жұмысы жасалады. Бұл жұмысты Социалистік Еңбек Ері Раковский Василий Михайловичтің Комсомолдық Михайловичтің жастардан құралған бригадасы атқарады, олар: А.Г.Пыхтарев, С. Сайдалин, Л. Юшенко, М.Маковой және тағы басқалары болатын.

Көп жыл бойы Жезқазған құрылыс комбинатын Белгібаев Райымбек Белгібайұлы басқарады, ол комбинаттың қалыптасуы мен даму жолында көп еңбек сіңірді. Әр жылдары бұл ұжымда есімдерін қала халқы мақтаныш тұтатын Маркесов, Бычков, Третенбройт, Плотников, Закревский, Савченко, А.З.Хохлова, Е.Кукузина, М.А. Островец, В.Н. Ивасенко, А.М. Тұрлұбеков, М. Крутилина сынды азаматтар еңбек етеді [1,б.20].

Никольский поселкілік еңбекшілер депутаттар Кеңесінің 1962 жылғы 4 қазандағы 9-сессиясының отырысындағы төрағаның баяндамасында кентте Кеңес Одағының кез-келген қаласымен сөйлесуді жүргізуге болатын сөйлесу пункті ашылды [10, б.25].

Никольский поселкілік еңбекшілер депутаттар Кеңесінің 1964 жылғы 24 тамыздағы 1964-1965 жж. жаңа оқу жылына Никольск поселкісінің мектептерін дайындау туралы №86 шешімінде 920 орынға орынға №25 жаңа мектеп салынып пайдалануға берілді [11, 91 б.].

Никольск поселкілік еңбекшілер депутаттар Кеңесінің 1964 жылғы құжаттарында Жабдықтау бөлімінің базасында қалалық азық-түлік сауда, қалалық өнеркәсіптік сауда және асхана мен мейрамханалар тресі құрылғандығы туралы Никольск поселкілік еңбекшілер депутаттар Кеңесінің төрағасы Д.Д.Грудейдің баяндамасында көрсетілген (жылы жазылмаған) [12, 69 б.].

1964 жылы поселкіде 196279 шаршы метр тұрғын үй, әрқайсысына 140 орынға арналған 2 типтік балабақша, 118 жұмыс орнына арналған 8 дүкен, 136 орындық асхана, кафе, аурухананың перзентханасы, дәріхана пайдалануға берілді [12, 13 б.].

1965 жылы поселкіде 441 үй орналасқан [13, б.113]. 1965 жылы мен 1966 жылдың бірінші тоқсанында поселкінің еңбекшілеріне 42 мың 170 шаршы метр құрайтын жайлы тұрғын үй, осы кезеңде 41 жұмыс орнына арналған 6 дүкен салынды және пайдалануға берілді. Автобустық станция және 140 орынға арналған бөбекжай пайдалануға берілді [13, 51 б.].

1966 жылдан бастап «Рудстрой» құрылыс басқармасының ұжымы тұрғын үй, әлеуметтік мәдени нысандарын тұрғыза бастады. Сәтбаев қаласындағы 3-ші, 4-ші, 5-ші, 7-ші шағын ықшам аудандар, медициналық санитарлық орталық, 14 орамдағы мектеп, «Байқоңыр» кинотеатры, туберкулезге қарсы диспансер, №1,4,14,27 мектептердің фундаментін осы ұжым қалады. Бұл мекеменің хас шеберлері Ленин, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері Болигарь Сергей Логвинович, кешенді бригаданың бригадирі В.А.Кипаренко, автогрейдер машинисті И.Г.Лебедько, экскаватор экипажының жұмыскерлері А.И.Горбулинский, И.П. Крикало, В.В. Кузнецов және А.И. Глушенко [1, 20 б.].

№19 орта мектебі 1967 жылы негізделген. Алғашқы жас түлектер 1967 жылы шығарылған.

Никольский поселкісі алғашқы құрылған кезде мәдениет ошақтары тек Рудник поселкісінде ғана болатын: әдемі ғимараттардың бірі «Кенші» мәдениет сарайы елуінші жылдары «Степлаг» тұтқындарының күшімен салынған. 3000 кітап қоры бар, 100 оқырмандық орны бар шағын кітапхана да Рудникте орналасады. Мұнда комсомол жастардың күшімен мәдениет және демалыс саябағы, стадион және бассейн салынады. Тек 1961 жылы ғана «Космос» кинотеатры салынады.

1967 жылы Никольский кентінде қала тұрғындарының демалыс орыны-жаңа мәдениет сарайы ашылады. Оның бірінші директоры Богданов Роберт Александрович болды. Бабий Ф.Е. және Бабий Л.И. бастаған халық циркі, «Тик-тон» вокалды-аспапты ансамбль, бишілер ұжымы, «Сударушка» ансамблі көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мәдениет сарайында қаладағы алғашқы дискотека ашылады. 1967 жылы 14 шілдеде балалар поселкілік кітапханаға Л.А. Кассельдің аты беріледі [15, 98 б.].

Никольск поселкелік еңбекші депутаттар Кеңесінің алтыншы шақырылымдағы 5-ші сессиясының отырысындағы 1968 жылға арналған поселкінің халық шаруашылығын дамыту жоспары туралы және 1969-1970 жылдарға арналған жоспар жобасы баяндамасында поселкіде сән ательесі, қиын тұрмыстық техниканы жөндеу шеберханасы, 3 шаштараз, аяқ киімді жөндеу бойынша 5 орын, 2 фото салоны және басқа да жұмыс орындары жұмыс істейді. Сонымен қатар поселкіде 5 кітапхана бар, кітаптық қор 40 мың дананы құрайды және жыл сайын қордың құрамы көбейді [16, 167 б.]. 1969 жылы №108 техникалық училищесінің жаңа оқу корпусы салынды [17, 111 б.].

Жалпы ауданы 17,653 шаршы метр 8 қабатты ірі панельді және ірі блокты үйлер салынып, пайдалануға берілді. 559 отбасы жаңа жайлы пәтерлерге көшірілді. Сонымен қатар 5-ші автобаза салынды [17, 154 б.].

1969 жылғы сайлаушылар аманатының орындалуы туралы құжатында құрылысшыларға арналған №8 бөбекжайы, 2-шағын ауданында сән ательесі, 5-орамда косметикалық кабинет, 1-шағын ауданында теміржол кассасы ашылды [18, 1 б.].

1971 жылы Никольский поселкісінде 6887 оқушы қамтылған 5 мектеп бар. Осы жылы 960 оқушы орындарын құрайтын №14 мектеп пайдалануға берілді.

1971 жылдың 1-ші шілдесінен бастап Қарағанды жолаушылар өндірістік автотрестінің жолаушылар автокөлік кәсіпорны ұйымдастырылды [19, 11 б.].

1971 ж. Никольский поселкелік кеңесінің құзырына №8 кітапхана беріледі. 1975 ж. ол Б.Бұлқышев атындағы орталық қалалық кітапхана мәртебесіне ие болады [1, 22 б.].

1972 жылы Никольский кентінде телефон байланысы орнатылды. Автономды телефон станциясының ашылуымен кент бойынша 4 таксофон орнатылды. Сонымен қатар газдалған су сататын 5 автомат орнатылды [20, 239 б.].

1972 жылы телеграф байланысы Никольский кентінде, оның ішінде 5 шағын ауданында орнатылды [21, 33 б.].

Никольский кентінің қалалық тұрмыстық комбинатының ұжымдық бірлестігімен тұрмыстық қызмет көрсетуді дамыту, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының желісін кеңейту, қызмет көрсетудің жаңа түрлері мен формаларын дамыту бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізілген. Соның бірі 1972-1973 жылдары кентте шаштараз, фото, музыка салоны, машинамен басу курстары ашылды.

1973 жылы 5 тұрмыстық орындар: әйел және ер адамдарға арналған шаштараздар, дыбыс жазу, фото салоны, прокат пункттері ашылды. Сонымен қатар жаңадан құрылып жатқан шағын ауданында пошталық бөлім, жинақ кассасы, дүкен, 400 орынға арналған комбинаттың балабақшасы ашылды [22, 39 б.].

Сәтбаев қаласы 1954 жылдан 1973 жылға дейінгі кезеңде 1847 жылы орыс діни мерекесінің атауымен атап кеткен орыс көпесі Никон Ушаковтан бастау алған кен орны бар Никольский деп аталатын поселкінің өзіндік тарихы бар жұмысшылар кенті ретінде құрылады. Рудник поселкісінен 8 км орналасқан өнеркәсіптік маңызы бар елді мекен поселкілік дәрежеде даму жолын бастайды. Алғашқыда поселкіде кен орнында және құрылыста жұмыс істейтін жұмыскерлер мен қызметкерлерге тұрғын үйлер тапшылығы болғандықтан тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіледі: 2-3 қабатты, 4-5, 8 көп қабатты тұрғын үйлерге дейін салынады. Поселкі тұрғындарының білімдерін жоғарылату мақсатында балабақшалар, бөбекжайлар, мектептер, училищелер, кітапханалар және т.б. салынады. Сонымен қатар халыққа қажетті тұрмыстық орындар, соның ішінде, дүкендер, асханалар, кафелер, шаштараздар, фото, дыбыс жазу салоны, тұрмысқа қажетті шеберханалар, таксофондар, пошта бөлімдері, телеграммдар ашылады. Кейбір жергілікті тұрғындарының ауру халдерін азайту және болдырмау мақсатында ауруханалар, дәріханалар да ашылады. Мәдени ошақтары бойынша мәдениет сарайы, клубтар жұмыс істейді. Бабий Ф.Е. және Бабий Л.И. бастаған халық циркі, «Тик-тон» вокалды-аспапты ансамбль, бишілер ұжымы, «Сударушка» ансамблі көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мәдениет сарайында қаладағы алғашқы дискотека ашылады. Қала статусына жету мақсатында поселкінің дамуы қарқынды және жедел жүргізіледі. Халқының да саны көбейе түседі.

1955 жылдың 22 желтоқсанында №1/33 Жезқазған поселкілік еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитеті отырысының шешімінде келешекте поселкі қала болып орныққанда халқының саны 70 мыңға дейін жетеді деп жорамалдап жазған болатын. Бүгінде, міне қала тұрғындарының саны 75 мыңға дейін жетіп отыр.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Сәтбаев қаласы. Энциклопедия. Алматы: «Арқас», 2008 ж. - 248 б.
2. Сәтбаев-Сатпаев: Альбом. - Қарағанды, ЖШС «Гласир» баспаханасы, 2009 ж. - 108 б.
3. Сәтбаев қаласының мемлекеттік архиві КММ, Жезқазған поселкілік еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің құжаттары: Қор 2, Тізімдеме 1, іс 27.
4. Қор 2, Тізімдеме 1, іс 29.
5. Қор 2, Тізімдеме 1, іс 28.
6. Қор 2, Тізімдеме 1, іс 37.
7. Сәтбаев қаласының мемлекеттік архиві КММ, Никольский поселкілік еңбекшілер депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің құжаттары: Қор 1, Тізімдеме 1, іс 225.
8. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 153.
9. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 28.
10. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 88.
11. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 135.
12. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 135/а.
13. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 142.
14. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 153.
15. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 168.
16. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 167.
17. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 217.
18. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 198.
19. Қор 1, Тізімдеме 1, іс 257.

20. Қор 1, Тізімдеме 1, іс.225.
21. Қор 1, Тізімдеме 1, іс.241.
22. Қор 1, Тізімдеме 1, іс.286.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЕЙ ІСІ (НҰР - СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МУЗЕЙЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮЛГІСІНДЕ)**

**Кыдырalina Н.Н., магистрант**

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Амрина М.С.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

XX ғасырдың басында Алаш идеясын алға тартқан ұлт зиялыларының басты мақсаты тәуелсіздікке қол жеткізіп, халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетті көтеру арқылы егемендікке қол жеткізу. Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «...өз дербестігімізді сақтап қалу үшін біз оқу-ағартуға және жалпы мәдениетке барлық күш-жігеріміз бен амал-айламызды салып ұмтылуымыз қажет» – екендігін айтты [1,141б]. 1991 жылы тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, тарихымызды жаңа көзқараспен зерделеуге бағыт алдық.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды», деп атап көрсетті [2]. Бүгінде халқымыздың бай тарихи құндылықтарын насихаттайтын, ұлттық мәдениеттің сақтаушысы ретінде музейлердің орны ерекше. Музейлер – біздің жадымыз, тарихымыз, өткеніміздің шежіресі, талай ғасырлар бойы сақталып келе жатқан құндылықтарымыздың қазынасы. 1996 жылы 24 желтоқсанда бекітілген ҚР Мәдениет туралы заңында «Музей - Қазақстан Республикасында мәдениетті жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды», деп көрсетілген. 5 тараудың 19 бабында көрсетілген мәдениет ұйымдарының тізімінде 7 объектінің бірі - музей. Музейдің басты қызметі – музей заттары мен музей коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету, мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын кеңінен танытуды қамтамасыз етуге бағытталған [3].

Кеңес өкіметі 1918-1928 жылдары музейлердің қызметін реттейтін декреттер қабылдап, олар музейлердің жұмысын басқарудың мемлекеттік жүйесін тұжырымдады. 1948 жылы республикалық, облыстық, өлкелік музейлердің қызметіне қатысты ережеде: «Республикалық, өлкелік, облыстық музейлер мемлекеттің құзыретінде ғылыми-зерттеушілік, мәдени-ағартушылық мекеме, олар өлке тарихы туралы материал жинақтап, жұмысшыларға коммунистік тәрбие бере отырып, оларды шаруашылық-саяси міндеттерді орындауға бағыттаушы болуы керек» деп жазылған [4]. 1964 жылы КОКП ОК қабылданған жарлығында «музейлер» коммунистік партияның саяси-идеологиялық жұмысын насихаттауда басты құралдарының бірі болғандығын аңғартады. Музейге келушілермен ғылыми-ағартушылық бағытта жұмыстар жүргізіліп, мемлекеттің идеологиялық саясатын жүзеге асырушы құралы болды. Кеңес мемлекетінің ыдырауы, музейлер қызметіне қатысты концептуалды модельдер де өзгеріске ұшыра бастады. 1990-шы жылдардан бастап музейге қатысты «мәдени-ағартушылық қызмет» сөз тіркесі жиі қолданылып, келушілердің ішкі рухани сұранысына толықтай жауап бере алатын тепе-тең диалог құрайтын сұхбаттасушысына айналды. Музей әлеуметтік-мәдени институт ретінде қоғам өмірінің белсенді элементі қызметін атқара бастады [5].

Музейлердің қалыптасу концепциясын зерделеген кезеңде ол ғылыми-зерттеу, білім беру, тәрбиелік, мәдени-ағартушылық және тағы да басқа әлеуметтік қызметтерді қамтиды. Атқаратын қызметінің диагностикалық белгілерін анықтай отырып, оның тікелей сапалық ерекшеліктерін айқындаймыз. Жүйелеу, ақпараттық - семиотикалық тәсілдерді қолдана отырып, сыртқы құрылымымен қатар музейдің концептуалды моделін анықтаймыз. Жүйелеу әдісінде құрамы мен құрылымы, мақсатты функциясын, пайда болу себептері, қалыптасуы мен эволюциясы анықталады. Ақпараттық-семиотикалық тәсіл музейдің бағытын анықтай отырып, музейдің қызметін жүзеге асыруда жинақтау, сақтау, үздіксіз ақпаратты беру арқылы мәдени мұраны әлеуметке жеткізу